КТ-9-01

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың мектепішілік кезеңі

Тақырып: Қазақстандағы тың және тыңайған жерлерді игеру

1. Н. Хрущевтің аграрлық саясатындағы жаңа бағдар:

Н. Хрущев аграрлық саясатында тың және тыңайған жерлерді игеруді мақсат етті. Бұл тың игеру 1954 жылы бастау алды. Аграрлық саясат - ауылшаруашылығы болып табылады. Хрущев осы ауылшаруашылығын тезірек дамыту үшін жаппай тың және тыңайған жерлерді игеруді жүргізе бастады. Оған кейбір Қазақстан басшылары қарсылық танытты. Бірақ оған қарамастан Хрущев өз саясатын жүргізді.

2. Тың жерлерді игерудің экономикалық нәтижелері:

Тың жерлерді игеру көп халыққа пайдалы болды. Ауылшаруашылығы дамыды. 1956 ж тың игерушілер 16 миллион тонна астық жинады. Тың жерлерді игеру Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Көкшетау, Торғай Павлодар облыстарында жүргізілді. Жоспар бойынша 7,5 млн гектар жер жырту кезделген болса, олар 9,4 гектар жер жыртқан. Тың және тыңайған жерлерді игеру нәтижесінде Кеңес Одағында жан басына маққанда 2 мың кг астық өндіру мүмкін болды. Бірақ дүниежүзілік тәжірибе бойынша олар ға 1 мың кг астықта жеткілікті еді. Осы саясаттың арқасында ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс өркендеп, дами түсті.

3. Тың жерлерді игерудің демографиялық салдары:

Тың игерудің демографиялық салдары да зор болды. Қазақстанға тың және тыңайған жерлерді игеру үшін басқа жақтан адамдар көшіп келді. Осының кесірінен Қазақстандықтардың өзі зардап шекті. Республикада қазақ халқының үлесі 30%-ға дейін төмендеп, ұлттық тіл, салт-дәстүр мен халықтың жойылып кету қаупі туды. Қазақстанға тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде көшіп келген адамдардың арасында арамтамақтар мен қылмыскерлер де болды. Осының салдарынан тәртіпбұзушылық пен қылмыстар орын алды.